

Жер жаннатты Жетісуға жерлесіміз, Алаштың біртуар азаматы, арқалы әр ақыны Дәуітәлі Стамбековтің 60 жасқа толуына орай Қазақстан Жазушылар Одағымен бірлесіп өткізген еске алу кешіне жер кіндігі Сарыарқадан арнайы ат арытып бір топ ақтоғайлық ағайын барып қайттық. Жұмыр жердің бетіндегі ең бір ғажайып шаһар болса соның айрықша сұлу

көзімізбен көріп, бойымызды айрықша бір мақтаныш сезім билеп, масаттанып қалғанымызды несін жасырайық.

Т. Жүргенов атындағы өнер академиясы студенттері Дәукеннің шығармашылығына арнап музыкалық композиция әзірлеп ұсынды. Ақын Дәуітәлі Стамбеков туралы 1998 жылы түсірілген бейне көрініс қойылды.

Мемлекеттік Эль-Фараби атындағы ұлт-

қошеметтері үшін барша ақтоғайлықтар атынан одақ басшылығы мен қаламгерлер қауымына алғысын жеткізді.

Ұшса құс қанаты талатын, шапса ат тұяғы тозатын ұшантеңіз қазақ даласының қай қиыры болмасын тума таланттар мен дара дарындардан кепде емес екені баршаға аян. Ақтоғай жері, Тоқырауын елі де ежелден текті тұлғаларға тұғыр болған,

боз күйші Мағауияны атауға болады. "Өлі риза болмай, тірі байымайды" дегендей 2007 жылы Ақтоғай ауданының ел-жұрты өз топырағынан өсіп-өнген тума талант, дара тұлғаларының есімін ұлықтап, Әсет Найманбайұлының 140 жылдығын, Күләш Байсейітованың 95, күйші Аққыз әженің 110 жылдығын кең ауқымда атап өтуі арқылы өскелең ұрпақ жадында мәңгілік

Аудандық мәслихаттың 2000 жылғы 10 шілдедегі шешімімен өзі алғаш табалдырығын аттап, тіл сындырған, білім әлеміне қадам басқан Басқаратал ауылындағы негізгі мектепке Дәуітәлі Стамбековтың есімі берілген. Аталған мектепте ақынның қысқа да болса құнды өмір жолынан сыр шертетін келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін шағын мұражай жабдықтал-

деп ұлы Абай атамыз айтқандай. Дәуітәлі Стамбековтың ағамыздың әнегелі өмір жолы, басқан ізі көкірегімізде. сайрап тұр. "Ақынның аты, ғалымның хаты өлмейді" деген халық даналығы қай кезде де ақиқат. Лайым осылай барымызды бағалап, жоғымызды жүйелеп отырудан жанылмайық.

Ақбас Алатау етегінде Алматы шаһарының қақ төрінде жерлесіміз Дәуітәлі

Алаш ақынын алқалады


(Алматыда ақын Дәуітәлі Стамбековтың шығармашылығына арналған кеш) өтті

да өсемі біздің Алматы десек бізге ешкім қарсы келіп дау айта алмас.

Шіркін, әсем Алматының қысының өзі ғажап қой.

Жә, таңдану мен тамсануды қоя тұрамыз. Сөйтіп, желтоқсан айының 14 жұлдызында Қазақстан Жазушылар Одағында халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері жерлесіміз аса талантты ақын Дәуітәлі Стамбековті еске алуға арналған шығармашылық шара

тық университеттің проректоры, филология ғылымдарының кандидаты Н. Омашев Дәуітәлімен бірге оқыған сонау 1969 жылдарға бір сәт саяхат жасап, жамағатты ақын өмірінің беймәлім тұстармен таныстырды. Поэзия әлеміне құйрық тістестіре, үзенгі қағыстыра бірге келген талантты да дарынды ақындар Иран Ғайып, Абзал Бөкен, Аманхан Өлім, Бақыткерей Ысқақовтар қаламдас достарына ар-



киелі, қасиетті мекен. Осы өңірден небір орақ

қалдырудың игі шарасын жасады.

"Биік шыңның басына қалықтап қыранда, жорғалап жылан да шығады" дегендей өлең елкесіне ат байлаған ақынның ақын-дардың жуан ортасынан Дәуітәлі аға-

мыздың жұлдызы да өзіне лайықты орын

ған. Жоғарыдағыдай жасалған шара ақын ағамызға көрсетілген Құрмет пен сыйдың соны емес. Алдағы күндері Дәукеннің шығармашылық кешін туған жерінде өткізіп, бүгін өсем деген ару Алматы төрінде жиылған ақын жазушылардың басын туған елінде қосып, ақын рухын асқақтата түссек деген ойымыз бар. Әрине, бұл алдағы күндердің еншісінде.

Қазақ деген ырымшыл-халық екені ежелден белгілі. Сондық-

Стамбековтің 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылған осынау шараның бел ортасында әлбетте адуынды ақын Дәуітәлі Стамбековтің аяулы жары Фарида жеңгей мен бала жүрді. Алматы қаласында Дәуітәлі Стамбековтің 60 жасқа толуына орай өткізілген еске алу кешіне ақынның әкесі Мәдібек Стамбеков), туған ауылы Нүркен селолық округі өкімі Алтай Жармағанбетов, тұстасы

талантты ақын Дәуітәлі Стамбековті еске алуға арналған шығармашылық шара өтті.

Кешті белгілі ақын Сәкен Иманасов жүргізіп, және бір жерлесіміз арқаның арда, асау ақиық ақыны Серік Ақсұңқарұлы Дәуітәлі Стамбеков шығармашылығы мен ғұмыры жайлы 12 минуттық қысқанұсқа аса маңызды да мәнді баяндама жасады. Серіктің сөз саптасын, тіл ұстартуын барша Ақтоғай жұртшылығы жақсы біледі. Баяндама кесек ойлар, келісті тенеулерден түзіліп өте әсерлі, өте сәтті шықты. Тіптен сол кешігіңкіреп келіп, самарқау отырған Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалиннің өзі құрғақ сөз, жалаң мадақтан ада, Секеңнің баяндамасына жоғары баға беріп, өзгелерге үлгі етіп, жерлестеріміздің талантына тенті болғанын

Абзал Бөкен, Аманхан Әлім, Бақыткерей Ысқақовтар қаламдас достарына арнап өлең-жырларын оқыды. Қапаш Құлышева, Роза Әлжан, Жасұлан Базарбеков, Талғат Әбілғазин сынды танымал еншілер сахна шырайын енгізіп ән шырқады. Басында әлде бір себептермен Дәукеңнің еске алу кешіне келе алмайды деген Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалин сахна төріне көтеріліп Дәуітәлі Стамбековті еске алу кешінің өте орынды әрі маңызды өткізіліп жатқаны туралы сөз етіп, жешіесімізді ұмытпай осынау игі шараның басы қасында жүрген ақтоғайлықтарға да ризашылығын білдірді. Осы жолдарды жазып отырған автор Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Н. Оразалинге шапан жауып, жерлесімізге көрсеткен құрмет пен

киелі, қасиетті мекен. Осы өңірден небір орақ ауыз, от тілді шешен билер, жау жүректі баһадүр батырлар, Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбай, Әлімхан Ермек сынды Алаштың қайраткер көсемдері, Шөже, Нарманбет, Шашубай, Кенішбай, Әсет, Жеңіс тектес біртуар ақындаршыққан. Республикаға танымал ақын ағаларымыз Серік Ақсұңқарұлы, Абзал Бөкеннің Ақтоғай жерінде дүние есігін ашқанын туған елі мақтан тұтады. Сондықтан да "Сапалы өнім құнарлы топырақтан өнеді" дегендей Дәуітәлі сынды дарынды ақынның Ақтоғайда өмірге келуі занды құбылыс.

Ақтоғай аймағы сонымен қатар ән мен жыр рухы байыздаған өлке оған дәлел ретінде қазақ халқының бұлбұлы атанған Күләшті, дүлдүлі атанған Манарбекті, дара-

мыздың жұлдызы да өзіне лайықты орын тапқанын ерекше мақтан тұтамыз. Ол ақжүрек ақын ағамыз бұл фөниде бұйырған 52 жасында қаламын арына малып жүріп, қомақты та тұшымды дүниелер тудырды. Ағамыздың өлең мен өдебиетке деген адалдығына қолында қаламы қисаймаған өріптестері талай көз жеткізді десем артық болмас. Ақындығын азаматтыққа ұштатыра білген Дәуітәлі Стамбекұлының сыршыл да сырбаз ұлағатты өмір жолы туралы Серік ағамыздың салиқалы да сарабал ой-пікірлерінен артық әңгіме айтамын деу астамшылық болар. Аз күн жалғанда атан түйе көтере алмас ауқымды істер қалдырып кеткен ардақты азаматтарының, айтулы ұл-қыздарының есімін Ақтоғай елі еш уақытта елеусіз ескерусіз қалған емес.

Қазақ деген ырымшыл халық екені ежелден белгілі. Сондықтан да Дәуітәлі Стамбекұлының 60 жылдығына арналған рухани астанадағы айтулы шараның туған еліміздің Теуелсіздік мерекесі, Алаштың 90 жылдығы қарсаңында аталып өтуін жақсы да жағымды ырымға баладык. Дәукең ағамыздың мына бір сөздерін құрбы-құрдас, жора-жолдастары жиі еске алып отырады. "Қазақстанның картасы үлкен, сол картада Ақтоғай деген бір нүкте бар, мен сол нүктеде туғанмын"- дейді екен дауылпаз ақын ағамыз. "Халқын пір тұтқанды, халқы да ұл тұтар" деген ұлағатты сөз осындайда айтылса керек. "Жас қартаймақ, жоқ-тумақ, туған-өлмек, тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмес. Басқан із, көрген қызық артта қалмақ, бір құдайдан басқаның бері өзгермек"

Нүркен селолық округі өкімі Алтай Жармағанбетов, тұстасы Қайыркұл Сүйіндіков, Басқаратал ауылдық негізгі мектеп директоры Орал Омарбаевтар барын қатысып қайттық. Сол секілді шығармашылық пен өркениет кіндігі оңтүстік астанада өткен Дәукеңнің кешіне кенді Қарағанды қаласынан арнайы қос бірдей рухани бауырлары Серік Ақсұңқарұклы, Серік Сағынтай төбе көрсетіп, шараның өтуіне өз үлестерін қосты. Әрине алған әсер мол Көрген қызық пен тамашада шек жоқ. Оныңбәрін шағын мақала аясына сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан газет оқырмандарына болған жайды қысқа ақпар түрінде жеткізуге тура келді.

**Мирхаят
Оңғарқұлов,
аудандық мәслихат
хатшысы.**

**Тоқырауын тынысы 2008 жыл
4 қаңтар**